

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде банктік салым кепілі шартын жасасу қағидаларын және банктік салым кепілі шартының үлгілік нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 147 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22452 болып тіркелді

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 57-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде банктік салым кепілі шартын жасасу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепілі шартының үлгілік нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепілі шартының үлгілік нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепілі шартының үлгілік нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Тау-кен өндіру және (немесе) тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералды түзілімдерін орналастыру объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану мақсатында жүргізілген жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепілі шартының үлгілік нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Құрылыс бойынша операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепілі шартының үлгілік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 147
бұйрығына 1-қосымша

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде банктік салым кепілі шартын жасасу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде банктік салым кепілі шартын жасасу қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) "Жер қойнауы және жер

қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 57-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия түрін беретін мемлекеттік органмен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде банктік салым кепілі шартын (бұдан әрі – банктік салым кепілі) жасасу тәртібін айқындайды.

2. Банктік салым кепілі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия түрін беретін мемлекеттік орган атынан Қазақстан Республикасының пайдасына беріледі.

3. Банк салымының кепіліне байланысты Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушы тарату жөніндегі міндеттемені орындамаған жағдайда, кепілге салынған банк салымының сомасынан жер қойнауын пайдаланушының басқа кредиторларының алдында басым түрде қанағаттандырылуға құқығы бар.

4. Екінші деңгейдегі банкте теңгемен немесе шетел валютасымен орналастырылған банк салымы ғана кепіл нысанасы бола алады.

5. Банктік салым кепілі бойынша кепіл беруші жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия түрі бойынша жер қойнауын пайдаланушы не Кодекстің 188-бабында көзделген пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы құзыретті органның хабарламасын алған пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беруге өтініш беруші (бұдан әрі - барлауға арналған лицензия беруге өтініш беруші) болады.

6. Жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия түрін беретін мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) атынан Қазақстан Республикасы банктік салым кепілі бойынша кепіл ұстаушы болады:

- 1) пайдалы қатты қазбаларды барлауға лизензия;
- 2) пайдалы қатты қазбаларды өндіруге лизензия;
- 3) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге лизензия;
- 4) тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералды түзілімдерін орналастыру объектілерін пайдалану;
- 5) құрылысқа лицензия.

7. Банктік салым кепілі кепіл беруші, мемлекеттік орган және банктік салым орналастырылған екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі – Банк) арасында жасалатын банктік салым кепілі шартына (бұдан әрі – кепіл шарты) байланысты туындайды.

8. Кепіл шарты үлгілік нысанға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жасалады.

9. Жасалған кепіл шарттарын есепке алуды Кодекстің 55-бабы 9-тармағының негізінде қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті орган бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді Мемлекеттік орган қабылдаған орындауды қамтамасыз етуді ұсыну және есепке алу қағидаларында көзделген тәртіппен тиісті кепіл шартын жасасқан мемлекеттік орган жүргізеді.

10. Мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушылардың (жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлғаның) және (немесе) банктің жазбаша сұрау салуы бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде кепіл шарты бойынша кепілді тоқтату туралы жазбаша растама береді.

2-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде банктік салым кепілі шартын жасасу тәртібі

11. Кепіл шартын жасасу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) өтініш беруші (кепіл беруші) жазбаша нысанда береді және осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтиды. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) кепіл беруші мен банк қазақ және орыс тілдерінде қол қойған кепіл шарты жобасының үш данасы;
- 2) өтініш берілген күннің алдындағы күннен ерте емес берілген, кепілге берілетін банк салымы бойынша кепіл беруші ашқан банктік шот бойынша ақша қалдығы және қозғалысы туралы үзінді көшірме;
- 3) кепіл шартына қол қою кезінде кепіл беруші мен банктің атынан әрекет ететін тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар.

12. Өтініш қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариаттық куәландыруға жатады. Өтінішке қоса берілетін шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады, олардың дұрыстығы нотариаттық куәландырылуға жатады.

13. Мемлекеттік орган ұсынылған кепіл шартының жобасын және оған қоса берілетін құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кодекс пен осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және кепіл шартын жасасудан бас тартуға негіздер болмаған кезде кепіл шартына қол қояды және ол туралы мәліметтерді жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тізіліміне енгізеді (бұдан әрі-тізілім) – Кодекстің 55-бабы 9-тармағының негізінде қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті орган бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды Мемлекеттік орган қабылдаған қамтамасыз етуді ұсыну және есепке алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініш беруші пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беруге кепіл шартының жобасын ұсынған жағдайда, оны жасасу туралы мәселе кепіл шартының жобасы ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады. Қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік орган кепіл шартын жасасады және пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия береді не кепіл шартын жасасудан бас тарту туралы шешім шығарады.

14. Кепіл шартын жасасу кезінде мемлекеттік органның уәкілетті тұлға оның әрбір данасына қол қояды. Кепіл шарты оған мемлекеттік органның уәкілетті тұлғасы қол қойған күннен бастап жасалған болып есептеледі.

15. Кепіл шарты жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның екі данасы (бір данасы Банк үшін) өтініш берушіге берілуге тиіс.

16. Мемлекеттік орган кепіл шартын жасасудан мынадай жағдайларда бас тартады:

1) кепіл шарты Кодексте және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға, оның ішінде үлгілік нысанға сәйкес келмесе, уәкілетті тұлғалар қол қоймаса немесе егер мұндай тұлғалардың Қазақстан Республикасының немесе тіркелген елдің заңнамасына сәйкес мөрі болуға міндетті болса, банктің не жер қойнауын пайдаланушының (барлауға лицензиялар беруге өтініш берушінің) мөрін қамтымаса;

2) барлауға лицензия беруге өтініш беруші ұсынған кепіл шарты Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзім өткеннен кейін берілді;

3) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар ұсынылмаған;

4) барлауға лицензия беруге өтініш беруші кепілге беретін банктік салым сомасы басқа ұсынылатын қамтамасыз ету түрлерімен (олар болған кезде) жиынтығында пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындау үшін Кодекске сәйкес талап етілетін қамтамасыз етудің жалпы сомасынан аз болады.

17. Кепіл шартының жобасында немесе оған қоса берілетін құжаттарда жол берілген грамматикалық немесе арифметикалық қателер, жаңылыс жазулар не өзге де осыған ұқсас қателер кепіл шартын жасасудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мемлекеттік орган жіберілген қателерді жою қажеттігі туралы жер қойнауын пайдаланушыны (барлауға лицензия беруге өтініш берушіні) хабардар етеді. Жіберілген қателерді өтініш беруші мемлекеттік органның тиісті хабарламасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде түзетуге жатады.

Жіберілген қателерді көзделген мерзімде жоймау кепіл шартын жасасудан бас тарту үшін де негіз болып табылады.

18. Егер мемлекеттік органның өтінішті қарау кезеңінде, сондай-ақ өтініште немесе оған қоса берілетін құжаттарда кемшіліктерді жою кезеңінде Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзім аяқталса, ол көрсетілген тармақтың мақсаттары үшін ұзартылған болып есептеледі.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін кепіл шартын жасасудан бас тартылған жағдайда, мемлекеттік орган Кодекстің 190-бабының 1-тармағы 9) тармақшасының негізінде барлауға лицензия беруден бас тартады және тиісті хабарлама жібереді.

19. Кепіл шартын жасасудан бас тарту жазбаша нысанда шығарылады және дәлелді болуға тиіс.

20. Кепіл шартын жасасудан бас тартылған жағдайда құзыретті орган бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, 3 (үш) күн ішінде жер қойнауын пайдаланушыны (барлауға лицензия беруге өтініш берушіні) дереу хабардар етеді.

21. Кепіл шартын жасасудан бас тартуға өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

22. Кепіл шартын жасасудан бас тарту өтініш берушіні қайта өтініш беру құқығынан айырмайды (өтініш беруші үшін барлауға лицензия алу үшін – Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзім шегінде).

23. Кепіл берушінің жасалған кепіл шартына сәйкес құқықтары кепілге берілген салым сомасын ұлғайтуы мемлекеттік органның келісімінсіз жүзеге асырылады.

Тарату жөніндегі, оның ішінде банктік салым кепілімен қамтамасыз етілетін міндеттеменің жалпы мөлшерінің ұлғаюына байланысты салым сомасы ұлғайған жағдайда, мұндай ұлғаю жасалған кепіл шартына тиісті өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

3-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде банктік салым кепілі шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

24. Кепіл шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, оның ішінде тарату жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің Кодекске сәйкес талап етілетін сомасының азаюына байланысты жер қойнауын пайдаланушы тиісті мемлекеттік органға кепіл шартына қосымша келісімнің жобасын оны жасасу туралы өтінішпен бірге үш данада, сондай-ақ банктік салым кепілі шартына қосымша келісім жасасу туралы өтініште көрсетілетін мәліметтерді жібереді, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын болады.

25. Өтінішке кепіл беруші мен банк қазақ және орыс тілдерінде қол қойған, онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар және кепіл шартына қосымша келісімнің жобасы үш данада қоса беріледі.

26. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариаттық куәландыруға жатады. Өтінішке қоса берілетін шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады, олардың дұрыстығы нотариаттық куәландырылуға жатады.

27. Мемлекеттік орган ұсынылған құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Кодекс пен осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

28. Осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген кепіл шартына қосымша келісім жасасудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде мемлекеттік органның уәкілетті тұлға кепіл шартына қосымша келісімнің әрбір данасына қол қояды.

29. Кепіл шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік органның уәкілетті тұлғасы кепіл шартына қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

30. Кепіл шартына өзгерістер мен толықтырулардың жобасына қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде екі дана өтініш берушіге берілуге жатады (бір данасы Банк үшін).

31. Кодексте көзделген жағдайларда, жасалған кепіл шартына сәйкес құқықтары кепілге берілген салым сомасы азайтылуы мүмкін.

32. Салым сомасын азайту кепіл шартын жасасқан мемлекеттік органның келісімімен жүзеге асырылады.

33. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік органның келісімін алу үшін тиісті өтініш береді. Салым сомасын азайту туралы өтініш берілуі мүмкін:

1) жер қойнауы учаскесінің бөлігінде жою жөніндегі міндеттемелер тоқтатылғаннан кейін (жою жөніндегі жұмыстарды қабылдау аяқталғаннан немесе зерттеу актісіне қол қойылғаннан кейін) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің осындай бөлігінен мерзімінен бұрын бас тартқан кезде жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеу жағдайда;

2) Кодексте (жою жоспарында) көзделген прогрессивті жою кезінде тиісті салдарларды жою жөніндегі жұмыстарды қабылдау аяқталғаннан және жою жөніндегі жұмыстардың жалпы көлемін азайтқаннан кейін жүзеге асырылады.

34. Салым сомасын азайту туралы өтініш еркін нысанда жасалады және осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес салым сомасын азайтудың егжей-тегжейлі негіздемесін, оның ішінде жер қойнауы учаскесі аумағының өзгертілген мөлшері, қамтамасыз етудің жаңа сомасы туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

35. Салым сомасын азайту туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) қол қойылған жер қойнауын пайдаланушы бас тартқан немесе прогрессивті жою жүргізілген жер қойнауы учаскесінің бөлігін жою актісінің немесе зерттеу актісінің көшірмесі;

2) мұндай жою жоспарының болуы міндетті болған жағдайларда, Кодексте көзделген тиісті келісімдермен және сараптамалардың оң қорытындыларымен өзгертілген жою жоспары.

36. Өтініш қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Шет тілінде жасалған құжаттар дұрыстығын нотариаттық куәландыруға жататын қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариаттық куәландыруға жатады.

37. Мемлекеттік орган өтініш пен берілген құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды және олар Кодекс пен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, өтініш беруші мен банкке салым сомасын азайтуға келісетіні туралы хабарлайды. Егер жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрін ескере отырып, Кодекске сәйкес өтініш беруші ұсынған талап етілетін қамтамасыз етудің (қамтамасыз етудің) жалпы сомасының азаюына әкелетін болса, мемлекеттік орган кепілдегі салым сомасын азайтудан бас тартады.

38. Жер қойнауын пайдаланушы салым сомасын азайтуға келісетіні туралы хабарламаны алғаннан кейін мемлекеттік органға осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген тәртіппен кепіл шартына қосымша келісім береді.

Жер қойнауын пайдалану
жөніндегі операциялардың
салдарын жою жөніндегі
міндеттемелердің орындалуын
қамтамасыз ету тәсілі ретінде
банктік салым кепіл шартын
жасасу қағидаларына
1-қосымша
жеке тұлғалар үшін –
өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса) ,
байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін-
өтініш берушінің атауы,
байланыс деректері

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепіл шартын жасасу туралы өтініште көрсетілетін мәліметтер

20 ____ жылғы " __ " ____

Өтініш беруші (кепіл беруші) туралы мәліметтер)	
жеке тұлғалар үшін	
1.	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
2.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

3.	Тұрғылықты жері
4.	Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер
заңды тұлғалар үшін	
5.	Заңды тұлғаның атауы
6.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)
7.	Орналасқан жері
8.	Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер
Жер қойнауын пайдалану құқығы туралы мәліметтер	
пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия алуға өтініш берушілер үшін	
9.	Өтініштің күні мен нөмірі
10.	Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну туралы құзыретті органның хабардар ету күні
11.	Барлау аумағын құрайтын (құрайтын) блоктың (блоктардың) саны мен коды
банк салымын кепіл тәсілімен қамтамасыз ету ұсынылатын жер қойнауын пайдалану құқығына ие өтініш берушілер үшін	
12.	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (лицензиялардың) немесе келісімшарттың түрі
13.	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (лицензиялардың) немесе келісімшарттың нөмірі мен күні
14.	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (лицензиялардың) немесе келісімшарттың қолданылу мерзімі
15.	Банктік салым кепілі шарты жобасының нөмірі (бар болса)
16.	Құқықтары кепілге берілетін салым орналастырылған банктің атауы, БСН (бар болса), мекенжайы
17.	Жобада көзделген банктік салым кепілі шартының қолданылу мерзімі
18.	Шарт жасасу кезінде кепілге берілетін банк салымының сомасы
Жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің жалпы сомасы туралы мәліметтер	

19	Кодекске сәйкес есептелген қамтамасыз етудің жалпы сомасы
Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын басқа да қамтамасыз ету туралы мәліметтер	
20	Банктік салым кепілі жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің жалғыз түрі болып табыла ма: и я жоқ
21	Ұсынылған немесе ұсынылған таратуды қамтамасыз етудің түрі (лері), деректемелері, сомасы және қолданылу мерзімдері (бар болса)

_____ Өтініш берушінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы (өкіл өтініш берген жағдайда, өкілеттіктерін куәландыратын тиісті ресімделген құжат қоса беріледі) Өтініш беруші: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) / атауы Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде банктік салым кепіл шартын жасасу қағидаларына 2-қосымша жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс деректері; заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің атауы, байланыс деректері

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепіл шартына қосымша келісім жасасу туралы өтініште көрсетілетін мәліметтер

20__ жылғы " __ " _____

Кепіл шартына қосымша келісім жасауды сұраймын

Өтініш беруші туралы мәліметтер

жеке тұлғалар үшін	
1.	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
2.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)
3.	Тұрғылықты жері
4.	Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер
заңды тұлғалар үшін	
5.	Заңды тұлғаның атауы
6.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)
7.	Орналасқан жері
8.	Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер
Кепіл шарты туралы мәліметтер	
9.	Қамтамасыз ету тізіліміндегі кепіл шартының есептік нөмірі
10.	Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін мәліметтер*
11.	Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің негіздері немесе себептері*

Қоса берілген құжаттардың тізбесі:

1) _____ ; 2) _____
 _____ ; 3) _____ ; 4) _____

(құжаттардың атауы және беттердің саны)

_____ Жер қойнауын пайдаланушының немесе оның уәкілетті өкілінің қолы (өкіл өтініш берген жағдайда , өкілеттіктерін куәландыратын тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

Өтініш беруші: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) / атауы

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
 Индустрия және
 инфрақұрылымдық
 даму министрінің
 2021 жылғы 31 наурыздағы

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын банктік салым кепілі шартының үлгілік нысаны; ___ жылғы " ___ " № _____

_____ (Кодекстің 188-бабында көзделген толық тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), азаматтығы, туған күні, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе жер қойнауын пайдалану құқығының иесі болып табылатын заңды тұлғаның немесе пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама алған тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы) (бұдан әрі – Кепіл беруші) атынан _____ (негізінде әрекет ететін лауазымы және аты, тегі және әкесінің аты (бар болса) толық) _____ (құжаттың түрі, күні және нөмірі) (заңды тұлғалар үшін), _____

_____ (кепіл шартын жасасатын мемлекеттік органның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____ мекенжайы бойынша орналасқан жерімен _____ пошта (индексі, Қазақстан Республикасы, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі), Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін (бұдан әрі – Кепіл ұстаушы) атынан _____ (шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның лауазымы және аты, тегі және әкесінің аты (бар болса) _____ (құжаттың түрі, күні және нөмірі), және _____ (екінші деңгейдегі банктің толық атауы), заңнамаға сәйкес құрылған заңды тұлға _____ (Қазақстан Республикасы/қызметін банк ретінде жүзеге асыратын мекеменің елі (шетелдік заңды тұлға үшін), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және Қазақстан Республикасындағы шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары/өкілдіктері үшін) _____ берілген жылдың _____ № (лицензияның нөмірі мен күні, лицензияны берген мемлекеттік органның атауы) (бұдан әрі – Банк) атынан _____, (негізінде әрекет ететін лауазымы және аты, тегі және әкесінің аты (бар болса) _____ (құжаттың түрі, күні және нөмірі), Назарға ала отырып, 1) кепіл беруші Банкпен

шартты банк салымы шартын жасаса _____ № ____ бастап _____ (шарттың нөмірі және оның жасалған күні) кепіл берушіге IBAN Банкіндегі ашылған шотқа қатысты _____ (нөмірі) теңгемен (шетел валютасымен) (бұдан әрі-салым); 2) Кепіл беруші "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде осы Шарттың талаптарында салым бойынша барлық құқықтарды кепіл ұстаушыға кепілге беруге ниетті _____ (пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған қолданыстағы лицензия үшін "берілген" деп көрсетілсін немесе пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беру кезінде " берілген" деп көрсетілсін.") пайдалы қатты қазбаларды барлауға берілген (беруге жататын) лицензия бойынша жер қойнауы учаскесі (бұдан әрі – барлау учаскесі) _____ (бұдан әрі-Лицензия), (пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған қолданыстағы лицензия үшін оның лицензия нөмірі мен берілген күні көрсетілсін; пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны беру кезінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы құзыретті органның хабарламасына сәйкес" қамтитын блок (блоктар) "және блок коды (блоктар коды) көрсетілсін Бірлесіп " Тараптар" деп аталатын немесе жоғарыда көрсетілгендей, кепіл ұстаушы, кепіл беруші және Банк төмендегілер туралы осы банктік салым кепіл шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1-бөлім. Терминдер мен анықтамалар

Осы шартта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) тарату актісі – барлау учаскесінде жүргізілетін барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын (тоқтатылғанын) растайтын, Кодекске сәйкес қол қойылатын құжат;

2) зерттеу актісі – жер бетін (су айдындары түбін) бұзудың немесе барлауды жоюды талап ететін барлау учаскесінде операциялар жүргізудің өзге де зардаптарының болмауына байланысты барлау учаскесіндегі барлау жөніндегі операциялардың салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің тоқтатылғанын растайтын, Кодекске сәйкес қол қойылатын құжат;

3) салым сомасы - осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта салым бойынша жиынтық ақшалай сома;

4) әдістеме – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 373 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 17033 болып тіркелген) бір блок үшін қамтамасыз ету мөлшерін айқындау әдістемесі.

Осы Шартта пайдаланылатын барлық өзге терминдер мен анықтамалар, егер тікелей өзгеше көзделмесе, Кодексте және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген мағынаға ие болады.

2-тарау. Кепіл заты

1. Барлау учаскесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі кепіл берушінің міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету үшін: _____ теңге (Әдістемеге сәйкес есептелген қамтамасыз етудің жалпы сомасын санмен және жазумен көрсету) Кепіл беруші болашақта салым бойынша енгізілетін сыйақы мен ақшаға қатысты талап ету құқықтарын (бұдан әрі – кепіл нысанасы) қоса алғанда, кепіл ұстаушыға банктік салым шарты бойынша кепіл берушінің барлық талап ету құқықтарын кепілге береді.

2. Банк пен кепіл беруші өздері осы Шартқа қол қойған күні Банк қабылдаған салым сомасын құрайтынын растайды _____ теңге, (салымның жалпы сомасын цифрмен және жазбаша көрсету) бұл банктің _____ № _____ салымы бойынша ашылған банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзіндісімен расталады бастап.

3. Осы Шарт бойынша кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттемені толық көлемде орындау мерзімі Кодекстің 197-бабының 2-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін басталады.

4. Кепіл беруші кепіл ұстаушыны және Банкті осы Шартты жасасу күніне кепіл затының үшінші тұлғалардың құқықтарымен заңды және іс жүзінде ауыртпалық салынбағанына сендіреді.

5. Банк кепіл ұстаушыны осы Шартқа қол қойылған күні кепіл берушіге басқа тұлғаның немесе басқа тұлғалардың пайдасына салым бойынша құқықтар кепілі туралы жазбаша хабардар етпейтініне сендіреді.

6. Банк кепіл ұстаушы шартқа қол қойған күннен бастап салым кепілі туралы хабардар етілген болып есептеледі.

7. Осы Шарт бойынша кепіл тоқтатылғанға дейін салым сомасын кепіл ұстаушы кепіл ұстаушының немесе Банктің жазбаша келісімінсіз, осындай ұлғайтудан кейін бес жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушыға кейіннен жазбаша хабарлай отырып, кез келген уақытта ұлғайта алады.

Хабарламаға салымды толықтыру (ақша жарнасы) туралы түбіртектің немесе банк беретін басқа құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі қоса беріледі. Түбіртектің түпнұсқасы кепіл ұстаушы салыстырып тексергеннен кейін кепіл берушіге қайтарылуға жатады.

8. Тараптар осы Шарт бойынша кепіл тоқтатылғанға дейін кепіл берушінің, Кодекске сәйкес берілуі мүмкін кепіл ұстаушының жазбаша келісімімен салым сомасын ішінара қайтарудан басқа, салымды толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқығы жоқ деп келісті:

1) бұл Кодекске сәйкес талап етілетін барлау учаскесі бойынша қамтамасыз етудің жалпы сомасының төмендеуіне алып келмейтін жағдайда, кепіл беруші барлау учаскесінің бір бөлігінен бас тартқан кезде тарату жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің жалпы сомасын азайтуды;

2) кепіл берушінің осы Шарттың 1-тармағында көрсетілген міндеттеменің орындалуын өзге де қамтамасыз етуді беруі, егер ол өтейтін сома салымның нақты сомасымен жиынтықта Кодекске сәйкес талап етілетін және есептелген қамтамасыз етудің жалпы сомасынан кем болмауы шартымен.

3-бөлім. Кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері

9. Кепіл беруші міндеттенеді:

1) егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, кепіл ұстаушының келісімінсіз салым және банктегі тиісті шот бойынша құқықтарды бермеуге немесе өзгеше түрде билік етуге;

2) кепіл ұстаушыдан басқа қандай да бір тұлғаның пайдасына кепіл нысанасына қатысты қандай да бір құқық және (немесе) мүдде бермеу;

3) кепіл ұстаушыға кез келген билік ету, нұсқау, рұқсат беру, хабарлау немесе кепіл нысанасына қатысты немесе оған қатысты болатын кез келген және кепіл беруші қандай да бір үшінші тараптан алған өзге құжат туралы дереу жазбаша хабарлауға (оның ішінде кепіл берушінің кепіл нысанасына құқықтарын жоғалту және (немесе) кепіл нысанасының болуы және сақталу қатерін тудыратын мән-жайлардың туындауы туралы);

4) кепілдік құнының мөлшерін азайту, кепіл нысанасын жоғалту қаупі туындаған және (немесе) фактісі басталған жағдайда, сондай-ақ соттардың, төреліктердің заңды күшіне енген шешімдері бойынша, мүліктік сипаттағы үшінші тұлғалардың талап-арыздары бойынша атқарушылық іс жүргізу шеңберінде кепіл нысанасына тыйым салынған немесе өзге де ауыртпалық салынған жағдайда, кепіл ұстаушының талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде Кодексінде көзделген мерзімде өзге де банктік салым;

5) жаза қолданылған жағдайда адал ынтымақтасуға және кепіл ұстаушының осы Шартқа сәйкес жүзеге асырылатын кез келген іс-әрекетіне көмек көрсетуге;

6) барлық шығыстарды, оның ішінде осы Шартты жасасу және ресімдеу бойынша шығыстарды көтеру;

7) кепіл берушіге (заңды тұлғаға) бұл жөнінде белгілі болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің алдағы таратылуы, қайта ұйымдастырылуы туралы, сондай-ақ оған қатысты оналту рәсімінің қабылданғаны туралы кепіл ұстаушыға хабарлауға.

10. Кепіл беруші құқылы:

- 1) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда салым сомасын ішінара қайтаруды талап етуге;
- 2) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы кез келген уақытта кепіл затынан өндіріп алуды тоқтату;
- 3) осы Шартқа сәйкес кепіл ұстаушының кепіл нысанасынан өндіріп алынғаннан кейін қалған салым бойынша ақша алу;
- 4) салым бойынша қосымша сомаларды енгізу (толықтыру);

5) лицензия бойынша жүргізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелер толық тоқтатылғаннан кейін кепіл ұстаушыдан кепіл нысанасынан ауыртпалықты алып тастау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепіл ұстаушыдан қажетті шаралар қабылдауды талап етуге құқылы.

4-бөлім. Кепіл ұстаушының құқықтары мен міндеттері

11. Кепіл ұстаушы құқылы:

1) кепіл берушіден немесе банктен тиісті жазбаша талап алынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушыға берілуге тиіс салым бойынша ақша қалдығы және қозғалысы туралы үзінді-көшірмені сұратуға;

2) кепіл берушіден кепіл нысанасын қолдау, қорғау немесе ауыстыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде қажетті барлық және кез келген іс-әрекеттерді дереу жасауды талап етуге және өз қалауы бойынша кепіл берушіден осындай шараларды өз бетінше қабылдаған кезде кепіл ұстаушы шеккен кез келген негізделген шығындар мен шығыстардың толық өтелуін талап етуге;

3) кез келген тұлғадан (оның ішінде кепіл берушіден) оның жоғалуына қатер төндіретін кепіл нысанасына кез келген қол сұғушылықты тоқтатуды талап етуге;

4) осы Шартта және Кодексте көзделген жағдайда, кейіннен қалған бөлігі есебінен қанағаттандыру мүмкіндігін сақтай отырып, өз қалауы бойынша кепіл нысанасының барлығы есебінен не оның бір бөлігі есебінен қанағаттандырылуға тиіс.

12. Кепіл ұстаушы міндетті:

1) қажет болған жағдайда кепіл берушіге кепіл берушінің құқықтарын жүзеге асыру үшін кез келген қажетті анықтамалар мен мәліметтер беру;

2) кепіл беруші кепіл нысанасымен қамтамасыз етілген өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін, кепілді тоқтату үшін Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес кепіл ұстаушыдан талап етілетін шараларды қабылдасын.

5-бөлім. Кепіл нысанасынан өндіріп алу

13. Осы Шартқа сәйкес кепіл ұстаушы кепіл беруші кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану арқылы қанағаттандырылуға құқылы.

14. Тараптар кепіл затына өндіріп алуды қолдану (кепіл затын өткізу) банк кепіл ұстаушыға кепіл ұстаушының бірінші жазбаша талабы бойынша салым бойынша тиесілі барлық ақшаны беру жолымен, ал кепіл затына өндіріп алуды қолдану кезінде ақша беру мүмкін болмаған кезде – кепіл ұстаушыға оның жазбаша хабарламасы бойынша салым бойынша құқықтарға көшу жолымен соттан тыс тәртіппен жүргізілетіндігімен келіседі. Бұл ретте Банк пен кепіл беруші салым бойынша құқықтардың кепіл ұстаушыға осындай ауысуына өзінің келісімін растайды.

15. Осы Шартқа сәйкес кепіл нысанасынан өндіріп алу үшін кепіл берушінің немесе банктің келісімінсіз кепіл ұстаушы немесе Қазақстан Республикасының мүддесі үшін әрекет ететін өзге де мемлекеттік орган кез келген тұлғаны тағайындауы және уәкілеттік беруі мүмкін.

16. Кепіл беруші мен Банк кепіл нысанасынан өндіріп алу жөніндегі шараларды қабылдау кезінде кепіл ұстаушыға кез келген нысанда қарсы әрекет жасамауға міндеттенеді.

17. Осы Шарт бойынша кепілмен өндіріп алу жөніндегі шығыстарды өтеуді және өзге де шығындарды қоса алғанда, лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану салдарларын жою құны бойынша кепіл ұстаушының нақты қанағаттандыру кезіне қандай мөлшерде ие болса, сондай мөлшерде талабы қамтамасыз етіледі.

6-бөлім. Кепілді тоқтату

18. Осы Шарт бойынша кепіл ұстаушыға берілген кепіл тоқтатылады:

1) Кодекске сәйкес тиісті тарату актісіне немесе зерттеп-қарау актісіне қол қойылғаннан кейін барлау учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеме тоқтатылған кезде;

2) Кодекске сәйкес айрықша құқық негізінде барлаудың барлық учаскесіне қатысты пайдалы қатты қазбаларды өндіруге кепіл берушіге лицензия берілген жағдайда;

3) осы Шартқа сәйкес кепіл нысанасынан өндіріп алу қолданылған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы ауысқан және жаңа жер қойнауын пайдаланушы лицензия бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын басқа да тиісінше қамтамасыз етуді берген кезде кепіл ұстаушының жазбаша келісімімен;

5) кепіл ұстаушының жазбаша келісімімен кепілге салынған салымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлау учаскесіндегі пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі кепіл берушінің міндеттемесін орындауды қамтамасыз етудің басқа тәсілімен алмастырған кезде.

19. Кепіл берушінің және (немесе) Банктің жазбаша сұрау салуы бойынша кепіл ұстаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Шарт бойынша кепілді тоқтату туралы жазбаны қамтамасыз ету тізіліміне енгізу туралы жазбаша растауды ұсынуға міндетті.

7-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

20. Осы Шарт, сондай-ақ осы Шартты орындауға байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндірілуге жатады.

21. Осы шартты өзгертуге, бұзуға және орындауға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген сот тәртібімен шешілуге тиіс.

8-бөлім. Хабарламалар

22. Шарт бойынша Тараптар бір-біріне жіберетін кез келген хабарлама немесе хабарлама жазбаша нысанда және уәкілетті тұлғаның қолы қойылып жасалады. Мұндай хабарлама немесе хабарлама, егер ол тараптардың орналасқан жерінің тиісті мекенжайлары бойынша қолма-қол не тапсырысты пошта арқылы жеткізілсе, тиісті түрде жіберілген болып есептеледі. Кепіл ұстаушы қайта ұйымдастырылған, таратылған немесе оның барлау учаскесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді қабылдау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері, оның ішінде осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттік заңды тұлғаға берілген жағдайда, кепіл ұстаушының хабарламасы құқық мирасқорының немесе осындай мемлекеттік заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша жіберілуге тиіс.

9-бөлім. Басқа шарттар

23. Кепіл берушінің Кепіл ұстаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтарын немесе міндеттемелерін беруге, новацияны жүзеге асыруға немесе иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

24. Кепіл ұстаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа Тараптардың келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтарын немесе міндеттемелерін беруге құқылы.

25. Кепіл затына меншік құқығы кепіл берушіден әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен басқа тұлғаға ауысқан жағдайда, кепіл құқығы күшін сақтайды және кепіл берушінің құқықтық мирасқоры осы Шарт бойынша кепіл берушінің барлық құқықтарына ие болады және барлық міндеттерін мойнына алады.

